

14-тақырып

ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІ

Жануарлар дүниесінің түсінігі, белгілері, атқаратын қызметі. Жануарлар дүниесін санаттарға бөлу. Жануарлар дүниесін құқықтық қорғау және қорғауға қойылатын экологиялық талаптар. Жануарлар дүниесін пайдалану түсінігі мен түрлері. Аң аулау және аң аулау шаруашылығын жүргізуді құқықтық реттеу. Аң аулауға рұқсат беру шарты мен тәртібі. Балық аулау мен балық шаруашылығын ұйымдастыруды және жүргізуді құқықтық реттеу. Жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық механизм. Жануарлар дүниесін пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау. Балық аулау мен балық шаруашылығын ұйымдастыруды және жүргізуді құқықтық реттеу. Жануарлар дүниесіне келтірілген зиянды өтеу, жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы, жануарлар дүниесін қорғаудағы ролі.

Жануарлар дүниесінің түсінігі, белгілері, атқаратын қызметі. Жануарлар дүниесі қоршаған ортаның құраушы бөлігі және экологиялық жүйе шынжырының бөлінбес тізбегі болып табылады. Ол қарапайым қауымдастықтардың жұмыс істеуіне, топырақтың құрылымы мен табиғи өнімділігіне, өсімдік жамылғысының, судың биологиялық құрамының қалыптасуына және жалпы қоршаған ортаның сапасына белсенді әсер ететін, табиғат энергиясы мен заттар алмасу процесінің қажетті құрамдасы болып табылады. Жануарлар – құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында болатын жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және тағы басқалары). Жануарлар дүниесі – Қазақстан Республикасының аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңының және айрықша экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жануарлар жиынтығы болып табылады. Ауыл шаруашылығы, өзге үй жануарлары, сонымен қатар қоршаған ортадан бөлініп алынған жабайы жануарлар, шаруашылық, мәдени және өзге мақсаттарда еркін емес немес жартылай еркіндікте ұсталатын жануарларды пайдалану, қорғау және өсімін молайту қатынастары Қазақстан Республикасының өзге заңдарымен реттеледі. Осыдан келесі қорытынды жасап, жануарлар дүниесінің келесі белгілерін бөліп ажыратуға болады:

1) Жануарлар дүниесінің пайда болуының табиғи түрде жүзеге асырылуы: жабайы жануарлар – адам баласының көмегінен, әрекеті мен ықпалынсыз пайда болатын, өмір сүретін табиғаттың табиғи өнімі, тірі табиғи денелер. Әрине, қазіргі уақытта адам баласының көмегімен жануарлар дүниесін бір орыннан екінші орынға ығыстыру немесе көшіп кетуіне мүмкіндік жасау сияқты әрекеттер орын алғанымен, жануарлар дүниесі көп жағдайда адам көмегінен өмір сүреді.

2) «Қолға үйретілмегендік» белгісі, құқықтық қорғау объектісі – қолға үйретілген, үй жануарлары емес, жабайы жануарлар.

3) Жануарлардың табиғи еркіндік жағдайында болуы, яғни адам баласымен шектелмеген кеңістікте болуы, табиғи ортамен тығыз байланыста болуы. Жануарлар дүниесінің табиғи еркіндікті жоғалтуы, олардың жабайы фауна қорының қатарынан шығып, құқықтық режимінің өзгеруіне әкеліп соғады.

4) Өмір сүру қабілетінің болуы. Жабайы жануарлар тірі болған жағдайда ғана оларға экологиялық заңнама нормалары әрекет етіп реттелуіне жатады. Ал өлі жануарлар тауарлық-материалдық құндылық ретінде танылып азаматтық құқық нормаларымен реттеледі.

5) Жануарлар дүниесінің еркін көші-қон жағдайында болуы. Қазақстан Республикасының осы саладағы қолданыстағы заңнамасымен Қазақстан Республикасының аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңының және айрықша экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жануарлардың құқықтық жағдайы реттеліп отырады. Сол себептен жабайы жануарлар Қазақстан Республикасының шекарасын еркін түрде кесіп өтіп, сол сияқты қайтып келуіне жол беріледі. Жануарлар дүниесінің бұл ерекшелігі – олардың Қазақстан аумағында болған жағдайда ғана, мемлекет заңнамасының реттелу пәні болатындығын білдіреді.

Жануарлар дүниесін санаттарға бөлу. Жануарлар дүниесі өзінің нысаналы мақсатына қарай келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері;
- 2) жануарлардың аң аулау объектілері болып табылатын түрлері;
- 3) жануарлардың балық аулау объектілері болып табылатын түрлері;
- 4) жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлері;

5) жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлері;

6) жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтіруін болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлері.

Жануарлар дүниесінің мұндай санаттарға бөлінуі – өте маңызды болып табылады. Жануарлар дүниесінің әрбір санаты үшін ерекше қорғау режимі белгіленген. Мысалы: жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері аңшылық пен балық аулау объектісі болып табылмайды. Қызыл кітапқа енгізілген, т.с.с.

Жануарлар дүниесін құқықтық қорғау. 09 шілде 2004 жылғы Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану» туралы заңына сәйкес жануарлар дүниесін қорғау – жануарлар дүниесін, олар мекендейтін ортаны және биологиялық саналуандылықты сақтауға, жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану мен өсімін молайтуға бағытталған қызмет, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешені болып табылады. Ал, жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын қорғау – табиғи еркіндік жағдайында жануарлар дүниесі объектілерінің орнықты тіршілік ету және өсімін молайту шарттарын сақтауға немесе қалпына келтіруге бағытталған қызмет болып табылады.

Жануарлар дүниесін қорғау:

1) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі қағидаларды, нормалар мен нормативтерді белгілеу және сақтау;

2) жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар белгілеу;

3) жануарлардың бағалы, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау;

4) жануарлар дүниесін пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзуды болдырмау;

5) жануарлар мекендейтін ортаны қорғауды, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын ұйымдастыру;

6) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға жануарлар дүниесі объектілерін қорғау жөніндегі міндеттерді жүктей отырып, аумақтарды, акваторияларды бекітіп беру;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру;

8) жануарлар түрлерін жасанды түрде өсіру;

9) жануарлар ауырған жағдайда, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда оларға көмек көрсету;

10) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;

11) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау және орнықты пайдалану идеяларын насихаттау;

12) жеке және заңды тұлғалардың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі қызметін ынталандыру;

13) азаматтарды жануарлар дүниесіне ізгілікті және ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу жолымен жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін құқықтық қорғауға қойылатын экологиялық талаптар. Жануарлар дүниесін қорғау саласындағы экологиялық талаптар жалпы және арнайы талаптар болып екіге бөлінеді.

Жалпы талаптар 09 шілде 2004 жылғы Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану» туралы заңына сәйкес белгіленген. Жануарлар дүниесінің жай-күйіне және олар мекендейтін ортаға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қызметті жүзеге асыру кезінде мынадай негізгі талаптардың сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс:

1) жануарлар дүниесінің табиғи еркіндік жағдайындағы биологиялық саналуандығы мен үйірлік тұтастығын сақтау;

2) жануарлар дүниесінің объектілері мекендейтін ортаны, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдарын және шоғырлану орындарын сақтау;

3) жануарлар дүниесі объектілерін ғылыми негізделген тұрғыдан ұтымды пайдалану және олардың өсімін молайту;

4) табиғаттағы биологиялық тепе-теңдікті сақтау мақсатында жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеу;

5) жануарлар түрлерін, оның ішінде бағалы, сирек кездесетіндері мен құрып кету қаупі төнгендерін жасанды өсіруді қоса алғанда, кейіннен оларды мекендеу ортасына шығара отырып, жануарлар дүниесінің өсімін молайту.

Ал арнайы талаптар 09 қаңтар 2007 жылы қабылданған Экологиялық кодекстің ерекше бөлімі 35, 36-тарауларына сәйкес белгіленген.

236-бап. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

240-бап. Жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру кезіндегі экологиялық талаптар

240-1-бап. Жануарларды Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету

241-бап. Аң аулау, аңшылық алқаптарын бекітіп беру, аңшылықты ұйымдастыру кезіндегі экологиялық талаптар

242-бап. Балық аулау кезіндегі экологиялық талаптар

243-бап. Жануарлар тіршілігінің пайдалы қасиеттері мен өнімдерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

244-бап. Зоологиялық коллекцияларға қойылатын экологиялық талаптар

245-бап. Жануарлардың санын реттеу кезіндегі экологиялық талаптар

246-бап. Аңшылық және балық шаруашылығын жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар

247-бап. Жануарлар дүниесін пайдалануға лимиттер мен квоталар белгілеу кезіндегі экологиялық талаптар

Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау және өсімін молайту мақсатында:

- 1) жануарлар дүниесін пайдалану мерзімдерін шектеу;
- 2) аулау әдістеріне, тәсілдеріне және құрал түрлеріне тыйым салу;
- 3) жануарлар дүниесі объектілерін алу нормаларын өзгерту;
- 4) жануарлар дүниесін пайдаланушылардың санын шектеу;
- 5) жануарлар әлемін пайдалану орындарын шектеу белгіленеді.

Шектеулер мен тыйым салулар белгілеуге:

- 1) жануарлар популяциясының жыныс-жас құрылымының бұзылуы;
- 2) жануарлар санының азаюы;
- 3) мекендеу ортасының нашарлауы;
- 4) жануарлардың өріс аударуы мен көбеюі кезеңінде олар жаппай шоғырланатын жерлерде тыным алу аймақтарын құру қажеттігі;

5) гидрометеорологиялық жағдайларға қарай балықтардың уылдырық шашуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету қажеттігі негіз болып табылады.

Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау мақсатында:

1) өсімдіктерді жоюға және жануарлар мекендейтін ортаның жағдайларын нашарлататын өзге де іс-әрекеттерге;

2) жануарлар үйірімен мекендейтін жерді периметрі бойынша олардың індері орналасқан жерге жиырма метр жақын немесе оларды алдын ала басқа жерге көшірмей жыртуға;

3) уәкілетті органның рұқсатынсыз жануарлардың паналау орындары мен ұяларын бұзуға және бүлдіруге, жұмыртқаларын жинауға;

4) суда жүзетін құстардың жаппай ұя салуы көрсетілген және балықтардың көбеюі кезеңінде олар уылдырық шашатын жерлерде катерлердің, моторлы қайықтардың және басқа да жүзу құралдарының двигательдерін іске қосып жүзуге;

5) ұшақтардың, тікұшақтардың және өзге де ұшу аппараттарының итбалықтар, тұяқты жабайы жануарлар мен топтасып ұшатын құстар жаппай мекендейтін аумақтардың үстінен бір километр төмен биіктікте ұшып өтуіне;

6) жануарлардың мекендеу ортасын жоюға, жем-шөптік өсімдіктер егістіктерін, қорғау екпелерін, сортаң топырақтарды, жануарларға арналған астауларды, сілтеме белгілерді, аң аулау және балық аулау шаруашылығын жүргізуге арналған құрылыстарды бүлдіруге;

7) жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінсіз алып қоюға;

8) жануарлар дүниесі объектілерін белгіленген лимиттен артық және жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттарда немесе жолдамаларда көрсетілген мерзімдерден тыс, сондай-ақ тыныштық аймақтарында аулауға;

9) жануарлар дүниесі объектілерін аң аулау мен балық аулау ережелерінде көзделмеген жануарларды аулау құралдарының, әдістерінің және тәсілдерінің түрлерін қолдана отырып аулауға;

10) жарылғыш құрылғыларды, улы химикаттарды қолдана отырып (дала кеміргіштерін жою кезінде, сондай-ақ жануарлардың құтыру індеті мен басқа да аурулары жағдайларында улы химикаттарды қолдануды қоспағанда) жануарлар дүниесі объектілерін аулауға;

11) уәкілетті органның рұқсатынсыз жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге;

12) балық қыстайтын шұңқырлардың, уылдырық шашатын жерлердің, балық шаруашылығы учаскелерінің және балық аулауға тыйым салынған жерлердің шекараларын белгілейтін бағандарды, жүзбелі таным белгілерін және аншлагтарды жоюға немесе бүлдіруге;

13) балықтарды қорғау құрылғыларынсыз, сондай-ақ белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін су жинау және ағызу құрылыстарын пайдалануға тыйым салынады.

Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау мақсатында шектеулер мен тыйым салулар жануарлардың мекендеу ортасы ареалдарының (таралу облыстарының) географиялық, климаттық ерекшеліктері ескеріле отырып енгізіледі.

Жануарлар дүниесін пайдалану, түсінігі мен түрлері. Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар дүниесін пайдаланудың мынадай түрлеріне жол беріледі:

1) аң аулау;

2) судағы омыртқасыз жануарлар мен теңіз сүтқоректілерін алып қоюды қоса алғанда, балық аулау;

3) аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалану;

4) жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ эпизоотияны болғызбау мақсатында пайдалану;

5) жануарлардың пайдалы қасиеттерін және тіршілік ету өнімдерін пайдалану;

6) жануарлар түрлерінің өсімін молайту мақсаттарында пайдалану.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану үшін пайдалану мерзімдері белгіленбейді.

Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану үшін:

1) аңшылық шаруашылығын жүргізу кезінде – он жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі;

2) балық шаруашылығын жүргізу кезінде – бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі, ал қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде – бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімдер белгіленеді.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде:

1) жануарлар дүниесінің өздеріне рұқсат етілген түрлерін ғана пайдалануды жүзеге асыруға;

2) жануарлар дүниесі объектілерін оларды беру шарттарына сәйкес пайдалануға;

3) ауланған жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде аң аулау және балық аулау олжаларын және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге, сондай-ақ оларды тасымалдауға және сатуға;

4) жануарлар дүниесін пайдалану үшін жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға;

5) белгіленген сервитутқа сәйкес аңшылық және балық шаруашылықтарының мұқтаждарына арналған уақытша құрылыстар салуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға және қағидаларға сәйкес қорықшыларды қызметтік қарумен қамтамасыз етуге;

7) аң-құс өсіруді жүзеге асыруға және аң-құс (еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда) өсіру үшін бөлінген аумақта әуесқойлық (спорттық) аң аулауды жүргізуге, сондай-ақ аң-құс өсіру нәтижесінде өсімі молайған жануарларды өз бетінше пайдалануға құқығы бар.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтауға;

2) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен уақытылы төлемдер жасауға;

3) шаруашылықішілік аңшылық ұйымдастыруды жүргізуге;

4) ?

5) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;

6) жануарлар дүниесін халық пен қоршаған ортаға қауіпсіз, табиғи үйірлер тұтастығының бұзылуына және жануарларға қатысты қатыгездікке жол берілмейтін тәсілдермен пайдалануға;

7) жануарлар дүниесінің пайдаланылған объектілерінің санын жыл сайын есепке алуды жүргізуге және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен есептілікті табыс етуге;

8) жануарлар дүниесі объектілерін, соның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қауіпі төнгендерін қорғау мен олардың өсімін молайтуды қамтамасыз етуге және олардың санының азаюына жол бермеуге;

9) шаруашылық ісін аңшылық ісін ұйымдастыруға және балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарларына сәйкес жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуды қамтамасыз ететін қажетті іс-шараларды жүргізуге;

10) Заңның 49-бабына сәйкес жүргізілетін, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау мақсатында тексеруді жүзеге асыруға кедергі жасамауға;

11) мыналарды жүзеге асыру үшін:

- бақылау үшін аулауды – уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне;
- ғылыми-зерттеу үшін аулауды – жеке және заңды тұлғаларға;
- әуесқойлық (спорттық) балық аулауды – жеке адамдарға;
- әуесқойлық (спорттық) аң аулауды – жеке адамдарға сервитут беруге;

12) уәкілетті органмен келісім бойынша биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде балық шаруашылық мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді жүргізуге;

13) аншлағтар орнатуға;

14) әрбір балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде, кемеде (балық аулайтын және көліктік), қабылдау пунктінде, бригадада немесе звенода балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналын (кәсіпшілік журналын) жүргізуге және уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды адамдарының талабы бойынша оны ұсынуға;

15) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ведомствоның аумақтық бөлімшесіне жеке және заңды тұлғалармен жануарлар дүниесін пайдалануға жасалған шарттар туралы, оның ішінде оларды бұзу туралы ақпарат жіберуге;

16) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде, оған балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, уәкілетті орган бекіткен нысандарға сәйкес берілген жолқұжаттар туралы мәліметтер беруге;

17) қоршаған ортаға эмиссияны жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес экологиялық рұқсат алуға;

18) қорықшыларды көлік, байланыс құралдарымен, айырым белгілері бар арнайы киіммен, қорықшының төс белгісімен, қорықшының куәлігімен қамтамасыз етуге;

19) өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;

20) жеке адамдарға олардың ауызша және жазбаша өтініштері бойынша әуесқойлық (спорттық) аң аулауға және әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жолдама беруге;

21) аңшылық шаруашылығының ішкі регламентін бекітуге;

22) зоологиялық коллекцияны жасау туралы уәкілетті органның ведомствосына хабарлауға міндетті.

Аң аулаудың түсінігі, түрлері, аң аулауға қойылатын шектеулер. Аң аулау – аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін мекендейтін ортасынан алуды жүзеге асыру арқылы жануарлар дүниесін арнайы пайдалану түрі.

Жануарлар дүниесі объектілерін аулау мақсатында іздеу, ізін кесу және ізіне түсу, аулауға әрекет жасау, аңшылық алқаптарда қабынан шығарылған аңшылық қаруы және басқа да аң аулау құралдары немесе аң аулаудан алған өнімдері бар, қарғыбауы алынған аң аулайтын иттері мен аушы жыртқыш құстары бар адамдардың жүруі аң аулауға теңестіріледі.

Аң аулау:

1) кәсіпшілік аң аулау – аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін кәсіпкерлік қызмет мақсатында аулау.

2) әуесқойлық (спорттық) аң аулау – аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін спорттық, эстетикалық қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында және ауланған өнімді жеке тұтыну үшін аулау.

3) ұлттық аң аулау – аушы жыртқыш құстар мен аңшылық иттердің ұлттық тұқымдарын пайдалана отырып, әуесқойлық (спорттық) аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін аулау болып бөлінеді.

Аң аулау құқығы жеке тұлғаларға:

1) егер аң аулау атыс қаруы қолданыла отырып жүргізілетін болса, он сегіз жасқа толған;

2) егер аң аулау аңшылық ережелерінде рұқсат етілген басқа да аңшылық құралдарының түрлері, аңшылық иттер мен аушы жыртқыш құстар қолданыла отырып жүргізілетін болса, он төрт жасқа толған;

3) аңшы куәлігі болған;

4) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат немесе жолдама алған жағдайда беріледі.

Шетелдіктер үшін Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау құқығы аңшылық шаруашылығы субъектісімен жасасқан аң аулауды ұйымдастыру шартының және жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алуының, сондай-ақ ішкі істер органдарынан аңшылық атыс қаруын және оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсатының негізінде туындайды.

Аң аулауға рұқсат беру шарты мен тәртібі. Уәкілетті орган пайдаланудың мынадай түрлеріне рұқсат береді:

1) аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалануға;

2) жануарларды ғылыми мақсаттарда пайдалануға;

3) жануарларды мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалануға;

4) жануарлардың пайдалы қасиеттерін және тіршілік ету өнімдерін пайдалануға.

Аңшылық жүргізуге арналған Рұқсатты аңшылық шаруашылығы ұйымдарына тиісті уәкілетті органдарының аумақтық органдары олардың жануарларды алудың бекітілген квотасы шегінде береді. Аңшылық алқаптардың резервтік қорында аңшылық жүргізуге арналған Рұқсат беруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

Балық аулауға арналған Рұқсат балық шаруашылығы ұйымдарына тиісті уәкілетті органның аумақтық органдары олардың жануарларды алудың бекітілген квотасы шегінде береді.

Саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алуға арналған Рұқсат тиісті уәкілетті орган айқындайтын жануарлар санын реттеу тәртібіне сәйкес беріледі.

Рұқсат алуға мүдделі адамдар әуесқойлық (спорттық) аң аулау мен балық аулаудан басқа жануарлар дүниесін пайдаланудың түрлеріне орай тиісті уәкілетті органға немесе оның аумақтық органдарына өтінім береді.

Өтінім нысанын тиісті уәкілетті орган бекітеді.

Өтінімде:

1) өтінім беруші туралы мәлімет (заңды тұлғалар үшін деректемелер, жеке тұлғалар үшін паспорт деректері, шетелдіктер үшін қосымша – келу және кету күндерін, келу мақсатын, қозғалыс бағытын, уақытша тұратын мекен-жайын көрсете отырып, Қазақстан Республикасында болу мерзімі);

2) жануарлар дүниесін пайдалану түрі;

3) алу мақсаты;

4) мекендейтін ортасынан алынуы жоспарланған жануарлар дүниесі объектілерінің тізбесі мен саны;

5) жыныс-жас құрамы (қажет жағдайда);

6) алу мерзімдері;

7) алу болжамдалған учаскенің ауданы (аумағы) мен шекарасы;

8) алу тәсілдері (аулау, ату, жинау) көрсетіледі.

Өтінімге мынадай құжаттар қоса тапсырылады:

1) нотариалды куәландырылған құрылтайшы құжаттарының көшірмесі немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген нотариалды куәландырылған құжаттар көшірмесі (алғашқы өтінім кезінде);

2) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы төлегені туралы төлем құжаты;

3) жануарлар дүниесі объектілерін алуға қатысушы адамдардың тізімі;

4) ұстау, аулау қаруларының, жүзгіш құралдардың тізбесі;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін алу жағдайындағы шешімі;

6) берілген рұқсат бойынша есеп (егер рұқсат бұрын берілген жағдайда).

Жануарлар дүниесін пайдаланудың түріне байланысты осы ереженің 9-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа өтінімге қосымша мынадай құжаттар қоса беріледі;

1) аң аулау мен балық аулауға (алғашқы өтінім кезінде):

- облыстық атқарушы органның балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беру туралы шешімінің көшірмесі;
- облыстық атқарушы органның аңшылық алқапты бекітіп беру туралы шешімінің көшірмесі;
- балық аулауға арналған шарттың көшірмесі;
- аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың көшірмесі;
- балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың көшірмесі;
- егер, жануарлар дүниесі объектілерін алу шетелдіктердің қатысуымен жүргізілетін болса, аңшылық шаруашылығы ұйымдарының аң аулауды ұйымдастыруға шетелдіктермен жасалған шартының көшірмесі;

2) аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалануға (алғашқы өтінім кезінде):

- аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды пайдалана отырып шаруашылық қызметті орындауға негіз беретін құжат (нотариалды куәландырылған лицензия көшірмесі және/немесе осы шаруашылық қызметін орындауға арналған құқықты растайтын патенттер, куәліктер, сертификаттар, дипломдар, басқа да құжаттар);
- жануарлар дүниесі объектілерін алуды дәлелдейтін материалдар (биологиялық негіздеме, мемлекеттік экологиялық сараптау қорытындысы);

3) жануарларды ғылыми мақсаттарда пайдалануға (алғашқы өтінім кезінде):

- бейімдейтін ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми-тақырыптық жоспардан және ғылыми зерттеу жұмыстары бағдарламасынан нотариалды куәландырылған үзіндінің көшірмесі;
- уәкілетті органның аумақтық органы бекіткен ихтиологиялық жұмыс жоспарының көшірмесі (бақылаулық аулау кезінде);
- жануарлар дүниесі объектілерін алуды дәлелдейтін материалдар (биологиялық негіздеме, мемлекеттік экологиялық сараптау қорытындысы);
- ғылыми зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға мемлекеттік тапсырысты іске асыру кезінде уәкілетті органмен жасалған шарттың көшірмесі.

Рұқсат беруден бас тартуға:

1) өтінімде көрсетілген мәліметтердің толық көлемде берілмеуі;

2) өтінімде көрсетілген мәліметтердің сенімсіздігі;

3) мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы; негіз болады.

Уәкілетті орган және оның аумақтық органдары өтінімді және оған қоса берілген құжаттарды қарайды және 10 күн ішінде рұқсат беруді жүргізеді не дәлелденген бас тарту жібереді.

Рұқсат өтінім берушіге немесе өтінім берушінің сенімхаты бойынша басқа адамға рұқсатты есепке алу журналына қол қоюмен беріледі.

Рұқсатты басқа заңды немесе жеке тұлғаға беруге жол берілмейді. Рұқсат, есепке алу және олар бойынша есеп беру нысанын тиісті уәкілетті орган белгілейді.

Шарт ережесі бойынша балық аулау су тоғанының бірнеше балық кәсіпшіліктері учаскелерінде жүзеге асырылған жағдайда Рұқсат иесіне уәкілетті органның аумақтық органында тіркелген әрбір учаскеге уәкілетті органның аумақтық органы куәландырған Рұқсаттың көшірмесі беріледі.

Рұқсатта:

1) Рұқсатты берген уәкілетті органның аумақтық органының атауы;

2) заңды тұлғаның атауы және оның жауапты адамының тегі, аты, әкесінің аты немесе рұқсат берілетін жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты;

3) жануарлар дүниесін пайдаланудың түрі;

4) алу мақсаты;

5) алуға рұқсат берілген жануарлар дүниесінің түрі немесе олардың тіршілік ету өнімдері, саны (биомассасы);

6) жыныс-жас құрамы (қажет жағдайда);

7) алудың мерзімдері;

- 8) алудың әдістері (аулау, ату, жинау және тағы басқа);
- 9) алу болжалған учаскенің ауданы (аумағы) мен шекарасы;
- 10) жануарлар дүниесін немесе олардың тіршілік ету өнімдерін алу тәсілдері мен қарулары, қолданылатын жүзу құралдары;
- 11) жануарлар дүниесі объектілерін алуға қатысушы адамдардың саны;
- 12) аңшы куәлігінің берілген уақыты және нөмірі (тек қана аң аулау мақсатындағы Рұқсатқа);
- 13) төлемнің төленгенін растайтын құжатқа сүйене отырып, жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төленген төлем сомасы көрсетіледі.

Аң аулау және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың түрлерін пайдалануға арналған Рұқсат маркалар нысанында болуы мүмкін. Маркада жануардың бейнесі мен атауы көрсетіледі. Оларды пайдалануға Рұқсат маркалар нысанында болуы мүмкін аң аулау және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің тізбесін тиісті уәкілетті орган белгілейді.

Рұқсат беруді тиісті уәкілетті органның аумақтық органы «Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсатты есепке алу мен тіркеу» туралы арнайы журналында тіркейді.

Журналдың нысанын тиісті уәкілетті орган бекітеді.

Жыл бойы берілген Рұқсаттар туралы жиынтық мәлімет уәкілетті органға беріледі.

Аң аулау және балық аулау объектілеріне жататын жануарлар түрлерін пайдалануға арналған Рұқсаттардың әрекет ету мерзімі Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бір ай мерзімде, оны пайдаланудың нәтижелері туралы уәкілетті органға есеп беріледі. Олжалау мақсатымен жануарларды іздеу, аңду және ізіне түсу, жануарлар дүниесінің объектілерін олжалауға әрекет жасау, аң аулайтын жерлерде адамдардың қабынан алынған аңшылық атыс қаруымен және аң аулаудың басқа құралдарымен немесе олжаланған аңшылық өнімімен, қарғыбауы алынған аң аулайтын иттермен және қыран құстармен жүруі аң аулауға теңестіріледі.

Аңшылық алқаптар – аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу жүзеге асырылатын немесе асырылуы мүмкін, аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерінің мекендеу ортасы болатын аумақтар мен акваториялар.

Аң аулайтын жерлер:

- 1) аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітіліп берілген;
- 2) аң аулайтын жерлердің резервтік қорында аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітіліп берілмеген;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен аңшылық шаруашылығын жүргізуге және аң аулауға жол берілетін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан жерлер болып бөлінеді.

Егер жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган өзгеше белгілемесе, аң аулау бекітіліп берілген аң аулайтын жерлерде жүргізіледі.

Аң аулау минимумы бойынша емтихан тапсырғаны және аң аулау құқығына рұқсат берілгені үшін мемлекеттік бажды төлегені туралы белгі қойылған аңшылық куәлігі мен жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты болған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе оған келген, он төрт жасқа толған жеке тұлғалардың (бұдан әрі – аңшы) осы Ережеде рұқсат берілген олжалау құралдарының түрлерін, иттер мен қыран құстарды қолданып, осында аң аулауға құқығы бар. Бұл ретте аңшылық атыс қаруын қолдана отырып, он сегіз жасқа толған, аңшылық атыс қаруын сақтауға және алып жүруге рұқсаты болған жағдайда жеке тұлғалардың аң аулауға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктер үшін аң аулау құқығы аңшылық шаруашылығы ұйымымен аң аулауды ұйымдастыруға жасалған шарттың және тұратын елінде олардың аң аулау құқығын және жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алғандығын куәландыратын құжаттың негізінде туындайды.

Шетелдіктердің қатысуымен әуесқойлық (спорттық) аң аулауды ұйымдастыру уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Аңшылық атыс қаруы, қыран құстар, иттер және аң аулаудың түріне байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған барлық техникалық құралдарды қолдана отырып, жануарларды олжалау жүргізілетін құралдар жануарларды олжалау құралдары болып танылады.

Жануарлардың терілері (мамық жүнді тері, тері шикізаты, құстардың терісі), олардың еті, майы, қауырсыны мен мамығы, бұғы мүйізі, мускус, өті, бас сүйектері, мүйіздері (табиғи жолмен тасталған немесе мерт болған жануарлардан басқа), азу тістері және жануарлар денесінің басқа да бөліктері, құстар мен бауырымен жорғалаушылардың жұмыртқалары, сондай-ақ ауланған жануарлардың өздері аң аулау өнімдері деп танылады.

Аң аулау уәкілетті орган немесе оның аумақтық органдары аң аулауға беретін тиісті рұқсаттың (бұдан әрі – рұқсат) негізінде жүргізіледі.

Аңшыда мынадай құжаттар болған кезде кәсіпшілік аң аулауға жол беріледі:

1) уәкілетті органның аумақтық органында жыл сайын тіркеліп және аң аулау құқығына рұқсат берілгені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасы белгілеген мемлекеттік бажды төлеп, аң аулау минимумы бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгісі бар аңшылық куәлігі;

2) рұқсат;

3) аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулаған кезде – Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының аңшылық атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығына берген рұқсаты;

4) иттермен және қыран құстармен аң аулаған кезде – уәкілетті орган белгілеген тәртіппен берілетін оларды тіркеу туралы құжаттар;

5) аңшылық шаруашылығы ұйымымен жасалған шарт;

6) аңшылық шаруашылығы ұйымының жолдамасы;

7) кәсіпшілік журналы.

Кәсіпшілік аң аулаудың ұжымдық (топтық) нысаны кезінде аңшылық шаруашылығы ұйымы рұқсатты пайдаланғаны үшін жауапты адамды тағайындайды.

Аңшыда мынадай құжаттар болған кезде әуесқойлық (спорттық) аң аулауға жол беріледі:

1) уәкілетті органның аумақтық органында жыл сайын тіркеліп және аң аулау құқығына рұқсат берілгені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасы белгілеген мемлекеттік бажды төлеп, аң аулау минимумы бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгісі бар аңшылық куәлігі;

2) рұқсат;

3) аңшылық шаруашылығы ұйымының жолдамасы;

4) аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулаған кезде – Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының аңшылық атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығына берген рұқсаты;

5) иттермен және қыран құстармен аң аулаған кезде – уәкілетті орган белгілеген тәртіппен берілетін оларды тіркеу туралы құжаттар.

Тұяқты жануарлар мен аюды әуесқойлық (спорттық) аулаудың ұжымдық (топтық) нысаны кезінде рұқсатты пайдалануға жауапты аңшының деректері рұқсаттың бет жағына, ал қалған қатысушылардың деректері олардың аңшы куәліктерінің нөмірлерін көрсетумен артқы жағына енгізіледі.

Егер бұл рұқсат нысанында көзделген болса, аң аулау аяқталғаннан кейін күн сайын аңшылық шаруашылығы ұйымының қорықшысы немесе ол болмаған кезде аңшының өзі рұқсатқа немесе жолдамаға, ал кәсіпшілік аң аулау кезінде – кәсіпшілік журналына нақты олжаланған жануарлар туралы белгі жасайды.

Мынадай жағдайларда:

1) жануарлар дүниесін қорғауды уәкілетті органның және оның мамандандырылған ұйымдарының лауазымды тұлғалары, сондай-ақ аңшылық шаруашылығы ұйымының қорықшылар қызметі жүзеге асырған;

2) адамның денсаулығына және өміріне қауіп төнген, ауыл шаруашылығы мен үй жануарларына айтарлықтай залал келтірілген;

3) жануарлардың басқа түрлерін аулауға рұқсаты болған кезде қасқырлар мен шибөрілерді олжалауға рұқсат талап етілмейді.

Аң аулау:

1) тегіс ұңғылы аңшылық атыс қаруын;

2) құстардан басқасына, ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруын;

3) қолдан жасалған құралдарды (қысқыш қапқандарды, құстар мен ұсақ аңдарды ұстайтын тұзақтарды, салмақты қысқышты, қаусырманы);

4) иттер мен қыран құстарды қолданып жүргізіледі.

Ірі жыртқыш жануарларды және саны реттеуге жататын жануарларды аулау мерзімінен тыс олжалау Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының негізінде жүргізіледі.

Жолдаманың күші қолданылатын аумақтан тыс жерде аңшы иттерді іздеген және шақырған кезде аңшы оғы алынып тасталған және бөлшектелген аңшылық атыс қаруымен болады.

Жолдаманың күші қолданылатын аймақтан тыс жерде жараланған тұяқты жануарлардың, аюлар мен қасқырлардың ізіне түсуге және оларды жинап алуға жараланған жануар жүрген аң аулайтын жерлерде аңшылық шаруашылығы ұйымының уәкілетті тұлғасының келісімімен жол беріледі.

Аң аулау аяқталғаннан кейін, аң аулау аралығындағы үзілістерде, бір жерден екінші жерге көшкен кезде, сондай-ақ уәкілетті тұлғалар аң аулаудың заңдылығын тексеруі кезінде аңшы аңшылық атыс қаруын оғы алынған күйге келтіреді.

Мылтық қарудың оқ ұясында және оқшантайында патрон болмаған кезде оғы алынып тасталған болып есептеледі.

Ен салынған (сақина, микрочип салынған) құстарды немесе сүтқоректілерді олжалау кезінде олжалаудың күні мен орны көрсетілген ақпарат, сақина, микрочип және басқа да белгілер ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға одан әрі беру үшін аңшылық шаруашылығы ұйымының уәкілетті тұлғасына немесе уәкілетті органның аумақтық органына тапсырылады.

Аң аулау мына жағдайларда:

- 1) аңшы куәлігінсіз;
- 2) атыс қаруын сақтау мен пайдалану құқығын беретін ішкі істер органдары рұқсатынсыз атыс қаруын қолданып;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркеуден өткізілмеген аушы жыртқыш құстарды қолданып;
- 4) аң аулау ережелерінде қолданылуы көзделмеген аулау құралдарын пайдаланып;
- 5) аңшылық шаруашылығы субъектісімен шарт жасаспай кәсіпшілік мақсатта;
- 6) егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, аңшылық алқаптардың резервтік қорында;
- 7) елді мекендердің жерлерінде, сондай-ақ олармен іргелес аумақтарда аң аулау ережелеріне сәйкес аңшылық атыс қаруын қолдану қауіпсіздігі қамтамасыз етілмейтін қашықтықта;
- 8) уәкілетті органның рұқсатынсыз өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлерінде;
- 9) күйзелісті және дәрменсіз жағдайдағы жануарларды (дауылдан, су тасқынынан, өрттен бас сауғалағандарды, су тоғандарынан өту кезінде, көктайғақ кезінде, аштықтан әлсірегендерді, жусанды паналаған суда жүзетін құстарды);
- 10) қозғағышын іске қосып, авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, қарда жүретін техниканы (қасқыр аулауды қоспағанда), шағын көлемді кемелерді, түнде көру құралдарын, лазерлік нысана көрсеткіштерін, жарық беру және дыбыс шығару құралдарын қолдана отырып, әуесқойлық (спорттық) мақсатта;
- 11) алкогольден немесе есірткіден масаң болу немесе өзге түрде улану жағдайларында;
- 12) егін орағы аяқталғанға дейін ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жерлерде;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғатты пайдаланудың жекелеген түрлеріне жол берілетін аумақты қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда;
- 14) өзен құндызына, кәмшатқа, күзенге, ондатраға атыс қаруын қолданып;
- 15) аңшылық иттерді құтқару үшін індерді қазуды қоспағанда, жануарлардың тұрағын бұзып және зақымдап;
- 16) өзен құндызы тұрғызған бөгетті бұзып;
- 17) пневматикалық, лақтыратын қаруды қолданып (жануарлар дүниесі объектілерін қозғалтпауға және егуге байланысты ғылыми-зерттеу және профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін садақтар мен арбалеттерді пайдаланудан басқа);
- 18) сауыт бұзатын, өртегіш немесе жарғыш қуаты, ауыртпалық орталығы ауыстырылған оқтары бар патрондарды қолданып;
- 19) тегіс ұңғылы аңшылық мылтығына қолдан жасалған ойық жиналмалы (қосалқыларды) ұңғыны қолданып;
- 20) бос жерлерді, су бетіндегі өсімдіктерді жағумен, басқа да өсімдіктерді түбірімен қопарып және жойып;
- 21) өздігінен атылатын қаруларды, қысқыштарды, қаусырмаларды, қапсырмаларды, кескіштерді қолданып; тұзақтар құрып, аулау орларын қазып; адам байқамайтын айқындаушы белгілерінсіз ірі қақпандарды, шатырларды, бастырмаларды, ілмектерді, найзаларды, құс желімін орнату жолымен, түтін салып, жылтыр мұзға, қатқыл мұзға, терең қарға және топырағы жабысқақ сортаңға, шабылған қамысқа айдап шығарып, қоңыр аюды, тұяқты жануарларды және құстарды аулау кезінде қақпанды қолданып, қоршауға алып, тағамен аулап;

22) торларды қолданып; су құю арқылы іннен шығарып (уәкілетті органның ведомствосымен келісу бойынша жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау, будандастыру немесе еріксіз ұстау үшін оларды аулауды қоспағанда);

23) жарылғыш құрылғыларды, химиялық және улы заттарды қолданып тышқан тектес кеміргіштерді (сарышұнақтарды, сұр егеуқұйрықтарды, аламандарды) жойған кезде, сондай-ақ жануарлардың құтыру эпизоотиясы және басқа аурулары жағдайларында улы химикаттарды қолдануды қоспағанда;

24) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсатта немесе жолдамада көрсетілген жануарлар санынан асырып;

25) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсатта немесе жолдамада көрсетілмеген жануарлардың басқа түрлерін;

26) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасынсыз;

27) аулап алу объектісі болып табылатын жануарлар түрлеріне, басқа елдерден әкелінген жыртқыш қыран құстарды пайдалана отырып;

28) еркекүйрекке көктемгі аң аулау кезінде еліктіруші үйрексіз немесе тұлыпсыз;

29) тұяқты жануарларды және қоңыр аюды аулау кезінде қорықшының немесе жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектордың еріп жүруінсіз;

30) әуесқойлық (спорттық) мақсатта суырға калибрі бес бүтін оннан алты миллиметрлік бүйірден (сақиналы) тұтандырғыш патронды ойықты қару қолданып;

31) тыныштық сақтау аймақтарында және өсімін молайту учаскелерінде аң аулауға тыйым салынады.

Балық аулаудың түсінігі, түрлері, балық аулауға қойылатын шектеулер. 09 шілде 2004 жылғы Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану» туралы заңына сәйкес, Балық аулау дегеніміз – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Балық аулау мынадай түрлерге бөлінеді:

1) кәсіпшілік балық аулау – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын бір мезгілде көп мөлшерде аулауға мүмкіндік беретін және (немесе) су айдынының (кәсіпшілік аулау құралдарымен) бір бөлігін қамтитын, бөліп тұратын аулау құралдарымен мекендеу ортасынан балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алып қоюды қамтамасыз ететін кешенді процесс. Кәсіпшілік балық аулау кәсіпкерлік қызмет мақсатында жүзеге асырылады.

Кәсіпшілік балық аулау жағалауда және теңізде аулау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Жағалауда аулау – бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жүзеге асырылатын балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Теңізде аулау – бекітіліп берілген учаскелер шегінен тыс су айдындарының (теңіздердің, көлдердің) ашық бөлігінде жүзеге асырылатын балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

2) әуесқойлық (спорттық) балық аулау – бір-бірлеп аулауға ғана (кәсіпшілік емес аулау құралдары) мүмкіндік беретін аулау құралдарымен жүзеге асырылатын, спорттық және эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру, спорттық жарыстарды өткізу мақсатында, сондай-ақ аулап алынған өнімді жеке тұтыну үшін балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау

3) ғылыми-зерттеу үшін аулау – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында балық ресурстары мен басқа да су жануарларын аулау.

4) бақылау үшін аулау – ихтиофаунаның жай-күйін бақылау, балық ресурстарын және басқа да су жануарларының өсімін молайту тиімділігін, шабақтардың өнімділігін, су айдындарының балық өнімділігін айқындау мақсатында балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау;

5) мелиорациялық аулау – жаппай аулауды, арзан бағаланатын балықтар түрлерін аулауды, қырылу қаупі бар су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі аулауды қоса алғанда, су айдындарының балық өнімділігін арттыруға, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтауға және олардың мекендеу әрі көбею жағдайларын жақсартуға бағытталған балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау. Жаппай аулау – су айдынындағы балық ресурстарының және басқа да су жануарларының бүкіл кәсіпшілік қорын алып қою немесе балықтардың жеке түрлерінің кәсіпшілік қорын немесе экологиялық тобын алып қою. Жаппай аулау мелиорациялық аулау ретінде және ғылыми-зерттеу мақсаттар үшін қолданылуы мүмкін.

б) өсімін молайту мақсатында аулау – балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін молайту мақсатында оларды аулау.

Кәсіпшілік балық аулау құқығы жеке және заңды тұлғаларға:

1) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты;

2) балық шаруашылығын жүргізуге жергілікті атқарушы органмен жасалған шарты болған кезде беріледі.

Мына жағдайларда:

1) бөгеттердің, шлюздердің және көпірлердің жанында, көлдерді өзара және негізгі өзенмен жалғастыратын тармақтарда, мелиорациялық жүйелердің жеткізу арналары мен бұрылыстарында, балық аулау ережелерінде белгіленген шекаралардан тыс өзендер мен арналардың сағалары алдында;

2) балық аулау ережелерінде көзделмеген балық аулау құралдарымен;

3) тиісті ғылыми ұйымдар берген, мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын биологиялық негіздеменің негізінде уәкілетті орган белгілейтін мерзімдерде және орындарда қысқы кезеңде балықтардың қыстайтын шұңқырларында, уылдырық шашу кезінде уылдырық шашатын жерлерде және өзге де учаскелерде;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген және тіркеу нөмірлері көрсетілмеген жүзу құралдарымен;

5) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсатқа сәйкес ұйымның атауы және балық аулау құралдарының өлшемдері көрсетілген жапсырмалары жоқ кәсіпшілік балық аулаудың балық аулау құралдарымен;

6) теңізде және өзендерде бекіре балықтарды аулауға арналған құрылған аулау құралдарымен;

7) алкогольден немесе есірткіден масаң болу немесе өзге түрде улану жағдайларында;

8) балық аулау ережелерімен, шектеулермен және тыйымдармен жол берілмейтін тәсілдермен;

9) 10) аулау құралдары өзеннің немесе өзен тармағы енінің үштен екіден астамын қамтып;

11) құрмалы аулау құралдарын шахматтық тәртіппен, венгерлер мен секреттерді өзендер мен бастаулардың, құятын каналдардың сағасынан бес жүз метр радиуста орнатумен;

12) кәсіпшілік балық аулауды жүзеге асыру кезінде бөгеттерден, шлюздер мен көпірлерден бес жүз метрден жақын қашықтықта;

13) тиісті ғылыми ұйымдар берген, мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын биологиялық негіздеменің негізінде уәкілетті орган белгілейтін орындарда және мерзімдерде балық ресурстарының және басқа да су жануарларының көбеюі кезеңінде олардың шоғырлану орындары мен өрістеу жолдарында;

14) жарылғыш құрылғыларды, химиялық және улы заттарды, сондай-ақ атыс қаруын пайдаланумен;

15) уәкілетті органның рұқсатынсыз кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерін қолдануға рұқсат берілген тізбеге енгізілмеген балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерін қолданумен балық аулауға тыйым салынады.

Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау.

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру жөніндегі уәкілетті орган:

– жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің **Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті** – арнайы мемлекеттік құзіретті орган болып табылады.

Оның негізі қызметі болып келесілер танылады:

1) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауналар мен флоралардың түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияны қолдана отырып сәйкес жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттар береді;

2) аңшы куәлігін беру жөніндегі есептіліктің нысанын белгілейді;

3) бақылау үшін аулауды, интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсатында аулауды жүзеге асырады, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды ұйымдастырады;

60) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыруды жүргізуге, сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар береді;

61) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеулер мен жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

- 62) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;
- 63) ғылыми ұсынымдар негізінде балықтардың болмай қоймайтын қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе олардың бөліктерін ағымдағы балық шаруашылығын мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті жою мүмкін болмаған жағдайларда балықтарды мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдайды;
- 64) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 65) су жинау құрылыстарына балықтарды қорғау құрылғыларын орнатуға келіседі;
- 66) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жануарлар дүниесі объектілерін алу лимиттерінің шегінде ғылыми зерттеулер бағдарламаларына сәйкес ғылыми зерттеулер үшін жануарлар дүниесі объектілерін алу квотасын белгілейді;
- 67) интернет-ресурста зоологиялық коллекциялар тізілімін жүргізеді, орналастырады және тоқсан сайын жаңартады;
- 68) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін әзірлейді;
- 69) балық шаруашылығын жүргізуге және балық аулауға шарттар жасайды;
- 70) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүзеге асыру тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 71) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын айқындау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;
- 72) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 73) Аңшылықты, балық шаруашылығын жүргізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 74) Аңшылық және балық аулау қағидаларының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 75) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтердің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 76) жануарларды еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұстау тәртібінің, сондай-ақ зоологиялық коллекциялардың сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 77) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
- 78) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының бұзылуы анықталған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушының қызметін тоқтата тұрады немесе қызметіне тыйым салу туралы ұсыныс енгізеді;
- 79) жеке және заңды тұлғалардың аңшылық және балық шаруашылығын жүргізу шартының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
- 80) жануарлар дүниесін пайдалануға белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 81) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама береді;
- 82) биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде, жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде жүргізген балық шаруашылығы мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді келіседі;
- 83) облыстың жергілікті атқарушы органының аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы шешімін келіседі;
- 84) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңы [17-бабының](#) 1 және 2-тармақтарында көрсетілген шаруашылықты және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілер әзірлейтін техникалық-экономикалық негіздемені және жобалау-сметалық құжаттаманы келіседі;
- 85) жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі немесе уақытша жер пайдалануындағы жер учаскелерінде толығымен орналасқан аңшылық алқаптар, сондай-ақ жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерін олардың

өтінімдері бойынша оларға конкурстық бекітіп беру туралы облыстық жергілікті атқарушы органға ұсыныс енгізеді;

86) бекітіп беру бойынша конкурсқа қойылатын жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін келіседі;

87) өсімдіктер дүниесі объектілерінің, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызылған өсімдіктер түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және одан тыс жерлерге әкетуге рұқсаттар береді.

88) балық шаруашылығы су айдындарының резервтік қорында және (немесе) учаскелерінде және аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесінің өсімін молайту мен мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

89) рекреациялық балық аулау аймағын белгілейді;

90) балық шаруашылығы учаскелерінің шекараларын белгілеуді, ұйықтарды (ұйықтық учаскелерді) ашуды және жабуды жүзеге асырады;

91) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде қозғалтқыштары қосылған су көлігінің барлық түрлерінің жүруін келіседі.

Жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнаманы бұзумен келтірілген зиянды өтеу мөлшерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 қыркүйек N1140 қаулысымен реттеледі.

Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау мақсатында тыйым салынады:

- Өсімдіктерді жою және жануарлардың тіршілік ету ортасының жай-күйін нашарлататын басқа да әрекеттерге;
- Жануарлардың ұялары мен індерін бұзып, қиратуға, жұмыртқаларын жинауға;
- Көбею маусымында балықтардың уылдырығы және суда жүзетін құстардың жаппай ұя салу орындары деп белгіленген орындарда моторлары оталулы катерлермен, моторлы қайықтармен және басқа да жүзгіш құралдармен жүзуге;
- Уәкілетті органмен келіспестен жабайы тұяқты жануарлар мен топтық құстардың мекенінен ұшақтардың, тікұшақтардың және өзге де ұшатын құралдардың бір километрден төмен ұшуына;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінсіз сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін алып қоюға;
- Жануарлар дүниесі объектілерін жануарлар дүниесін пайдалану рұқсаттамасында көрсетілген мерзімдерден тыс уақытта және белгіленген лимиттен артық аулауға;
- Жануарлар дүниесі объектілерін аңшылық және балық аулау ережелерінде көзделмеген құралдар, әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы аулауға;
- Жануарлар дүниесі объектілерін жарылғыш заттар мен улы химикаттар қолдана отырып аулауға;
- Уәкілетті органның рұқсатынсыз жануарларды жерсіндіруге және будандастыруға, сондай-ақ қайтадан көндіктірілген жануарларды алып қоюға тыйым салынады.

Егер осы аталған талаптар орындамаса, экологиялық кодексте көзделген жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы.

Қызыл кітап – Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің жай-күйі туралы мәліметтер жиынтығын, оларды зерделеу, қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі қажетті шараларды қамтитын, жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері тізбесінің суретті басылымы болып табылады. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы – сонымен бір мезгілде жануарлар мен өсімдіктер әлемі мемлекеттік кадастрының құрамдас бөлігі.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына жануарлар (омыртқалылар және омыртқасыздар) мен өсімдіктердің (жоғары және төмен) Қазақстан Республикасының аумағында құрғақта, суда, атмосферада және топырақта, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңын және айрықша экономикалық аймағын тұрақты немесе уақытша табиғи еркіндік жай-күйінде

мекендейтін сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері (шағын түрлері, популяциялары) енгізіледі.

Саны және орнықты тіршілік ету жағдайлары олардың өсімін молайту мен табиғи еркіндік жай-күйінде тектік қорын сақтау қаупін болдырмайтын шегіне дейін қалпына келтірілген жануарлар мен өсімдіктердің түрлері (шағын түрлері, популяциялары) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабынан алып тастауға жатады.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы екі томнан тұрады: жануарлар (1-том) және өсімдіктер (2-том). Әр том бір кітап немесе бірнеше бөліктер (бөлімдер топтары немесе жеке бөлімдер бойынша) түрінде шығарылуы және қосымша ретінде – жануарлар мен өсімдіктердің құрып кеткен түрлерінің және шағын түрлерінің аннотация жазылған тізбесін, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы ереженің және жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық кесімдердің мәтіндерін қамтуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы мемлекеттік және орыс тілдерінде шығарылады, кез келген шетел тіліне аударылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына жазылған жануарлар мен өсімдіктердің әрбір түрі (шағын түрі, популяциясы) үшін мынадай негізгі деректер келтіріледі: түрдің латын, қазақ және орыс тілдеріндегі атауы; мәртебесі; сыртқы түрінің бейнеленуі; Қазақстан Республикасында картаға түсірілген, бұрын және қазіргі таралуы; саны және оның өзгеру үрдісі; лимиттеудің негізгі факторлары және саны мен ареалының өзгеру себептері; жасанды, еріксіз және мәдени жағдайларда өсіру мүмкіндігі туралы мәліметтер; Қазақстан Республикасының аумағын мекендейтін популяцияның (популяциялардың) түрдің тектік қорын сақтаудағы рөлі; қорғаудың қабылданған және қажетті шаралары; ақпарат көздері. Қажет болған жағдайларда сондай-ақ организм дамуының жасы мен маусымдық ерекшеліктеріне тән (құрт, жұмыртқа салу, қуыршақ, өсімдік бөліктері және басқалар) бейнелеу де келтіріледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Жануарлар дүниесінің түсінігі, белгілері, атқаратын қызметі. Жануарлар дүниесін санаттарға бөлу.
2. Жануарлар дүниесін құқықтық қорғау және қорғауға қойылатын экологиялық талаптар.
3. Жануарлар дүниесін пайдалану, түсінігі мен түрлері.
4. Аң аулау және аң аулау шаруашылығын жүргізуді құқықтық реттеу.
5. Аң аулауға рұқсат беру шарты мен тәртібі. Балық аулау мен балық шаруашылығын ұйымдастыруды және жүргізуді құқықтық реттеу.
6. Жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық механизм.
7. Жануарлар дүниесін пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау.
8. Балық аулау мен балық шаруашылығын ұйымдастыруды және жүргізуді құқықтық реттеу.
9. Жануарлар дүниесіне келтірілген зиянды өтеу, жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.
10. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы, жануарлар дүниесін қорғаудағы ролі.

Қолдануға ұсынылған әдебиеттер:

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N593 Заңы.
2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын, айырым белгілері бар (погондарсыз) нысанды киімді киюге құқығы бар жұмыскерлерінің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 25 ақпандағы №18-04/128 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 наурызда №10546 тіркелді.
3. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/146 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 сәуірде №10700 тіркелді.
4. Аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оны беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N301 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 25 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N6261 болып енгізілді.
5. Қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 18-04/17 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 ақпанда №10266 тіркелді.

6. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың және жануарлар дүниесін қорғаумен айналысатын мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 мамырдағы №670 Қаулысы.
7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N310 Қаулысы.
8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі №408 бұйрығы.